

«Қаракемер мектеп балабақшасы» КММ бойынша
«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару,
бірыңғай балалар мен жасөспірімдер
ұйымының 2023-2024 оқу жылының жұмысы туралы

Хабарлама

Қаракемер мектеп балабақшасында 8 фракция, Ұланбасы бар. 7-9 сынып оқушылары ұйым мүшелері болып сайланды. Мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері жоспар бойынша жұмыс атқарады. Атқарып жатқан жұмыстар дөңгелек үстел, сынып сағаты, баяндама, дебат, әңгіме түрінде өтеді.

«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымына мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бактығали Перизат Болатбекқызы басшылық етеді.

2023 жылдың 11 қыркүйегінде Ұланбасы сайлауы



өтті.

Сайлауға 4 оқушы өз кандидатурасын білдірді, олар: Серікбаева Гүлім – 9-сынып, Балғазы Инабат – 9-сынып, Қайранбаева Еркежан – 8-сынып, Жақсылыққызы Альмира – 8 – сынып. Сайлауға қатысуға өтініш білдірген оқушылар өздерінің сайлауалды бағдарламаларын алдын ала таныстырды. Ұйым мүшелері кандидаттардың бағдарламалары бойынша дауыс берді. Сайлау санитарлық ережелерге сай өткізілді. Сайлау учаскесіне 1 оқушыдан кіргізіліп, оқушылардың температуралары өлшенді. Нәтижесінде, Жақсылыққызы Альмира – 28, Серікбаева Гүлім – 21, Балғазы Инабат – 18 дауыс жинады. Ұланбасылыққа жоғары дауыс жинаған оқушы – Жақсылыққызы Альмира сайланды.

Отбасы күніне орай «Менің сүйікті отбасым» тақырыбында мектепте сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Байқауға 1-4 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Талапқа сай салынған сурет авторларын марапатталып, ынталандыру сыйлықтары берілді.



"Дені саудың жаны сау" атты эстафеталық сайыс өтті. Сайыстың мақсаты: оқушылардың өй-өрісін, ұлттық ойындарға деген қызығушылығын дамыта отырып, салауатты өмір сүруді насихаттау. Ойын бес кезеңде өтті. Балалар спорт саласы бойынша өз білімдерін, шапшандықтарын көрсете білді. Сайысқа өте

жақсы қатысып, белсенділік танытқан топтар I, II, III мақтау қағаздарымен марапатталды.



“Таза Қазақстан!” атты экологиялық акциясы аясында сенбілік өткізілді. Акцияның кезекті сенбілігінде мектеп ұстаздары мен оқушылар, мектеп жұмысшылары мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жүргізіп, атсалысты.



Мектеп оқушыларына отбасы тәрбиесі жайында ой салып, ата-ананың отбасы тәрбиесіндегі сауаттылығын көтеру және жасөспірімдердің теріс жолға түсуіне жол бермеу мақсатында 8-9сынып қыздары



мен аналары арасында “Оқушы, Отбасы, Қоғам” тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Аналарға түрлі сұрақтар қойылып, отбасындағы қыз бала тәрбиесі жөнінде сөз қозғалды.

«1 қазан – Халықаралық Қарттар күні» мерекесіне орай «Көп жасаған қария, ақылы мол дария» атты мектебімізде еңбек еткен ардагерлерімізге арналған мерекелік кеш өтті.



«1 қазан – Халықаралық Қарттар күні» мерекесіне орай «Қоғамға қызмет» ұйымының еріктілері ардагер ұстаздар үйіне барып, қол көмек көрсетті.

«5 қазан – Ұстаздар күніне» орай «Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері «Дублер» күнін өткізді. ДТЖО мен тәлімгер 8-9 сынып оқушыларына жиналыс өткізіп, «Дублер» күнін жоспарлап, жұмыс барысын, атқарылатын міндеттер түсіндірілді.



«5 қазан – Ұстаздар күніне» орай 1-9 сыныптар арасында «Шын жүректен» құттықтау челленджі өткізілді және де мектеп оқушылары ұстаздарға арнап мерекелік концерт ұсынды. Сонымен қатар ұстаздар мерекесіне орай ардагер ұстаз Батырғалиева Ақсәуле Еңсегенқызы оқушылармен кездесті.



Демалыс уақытында оқушылардың уақытын тиімді өткізу мақсатында құрылған «Күзгі демалыс кезіндегі іс-шаралар» жоспарына сәйкес «Жаңа ақпараттық технологияның маңызы» тақырыбында пікірсайыс өтті. Оқушылар өз ойларын ашық жеткізіп, белсенділікпен қатысты.



Мектебімізде "Алтын күз" мерекесіне арналған күзгі жәрменке 1-9 сыныптар аралығында өтті. Мақсаты: «Арпа бидай ас екен, алтынкүміс тас екен» - демекші, Күз уақыты молшылыққа толы болғандықтан күздің берекелі, мерекелі кезін насихаттау. Оқушыларды талғампаздыққа, еңбекқорлыққа баулу, балалардың қызығушылығын арттыру барысында ісшаралардың жабдықталуына қаржылай үлестерін қосу. Жәрменкеге

балалар қолдан пісірілген дәмді тағамдары мен көкөністерін ұсынды. Ұстаздар мен оқушылар белсенді



атсалысты.

23 қазанда "Тоғыз айға 9 іс-шара" республикалық жобасы және ұлттық мереке Қазақстан Республикасы күнін мерекелеу аясында біздің мектеп "ӘНҰРАН ОРЫНДАУ" челленджіне қосылды. Мерекелік іс-шаралар аясында мектепте мемлекеттік тілде патриоттық әндер фестивалі өтті, онда Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимні жаппай орындалды. Оқушылар ерекше сезіммен және құрметпен еліміздің басты салтанатты әнін орындады.



15 қараша күні мектеп оқушыларына 15 қараша -Ұлттық валюта күніне орай «Теңге – Тәуелсіздік



келбеті» атты ақпарат сағаты ұйымдастырылды.

Ақпарат сағат барысында төл теңгеміз туралы мағлұмат беріп, кітап көрмесіне шолу жасалды. Максаты:


Оқырмандарды тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі тенгемен таныстыру, төл тенгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезі туралы мағлұматтар беру.

Мектебімізде «Экология және еңбек» фракциясының ұйымдастыруымен «Табиғат әлемінде тазалықты сүйеміз!» атты 5-6 сыныптар арасында дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: оқушылардың назарын табиғатты, айнала ортаны сақтаудың маңыздылығына аудару және тазалық мәдениетін қалыптастыру.



Мектебімізде жоғары сынып оқушылары мен Ойыл ауданы полиция бөлімі полиция аға лейтенанты Нұрбек Әділбекұлының қатысуымен «Қылмысқа жол бермеңіз» тақырыбында кездесу өтті. Кездесу барасында мектеп оқушыларына жол жүрісінің қағидаларының 165 тармағына сәйкес мопед, мотоцикл жүргізудегі қауіпсіздік ережелері туралы, сонымен қатар бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу сынды сөз қозғады.



Кездесу аясында полиция майоры қазіргі кездегі қоғамдағы құқықбұзушылықтың себеп-салдары, оның алдын алу жөніндегі жүргізіліп жатқан шаралар жайлы сөз қозғады. Жиынға қатысқан оқушылар мен ұстаздар қонақтарға өз көкейлеріндегі сауалдарын қойып, оған толыққанды нақты жауаптар алды.

27 желтоқсан күні “Келдің міне, Жаңа жыл!” атты жаңа жылдық мерекелік іс-шарасы өтті. Іс-шараның шымылдығын бастауыш сынып білім алушылары ашып, әсем әндер орындалып, би биленді. Акшақар, Қарақшы, Сайқымазақтар, Қоян, т.б бүлдіршіндердің көңілін қуантатын кейіпкерлер ортада рөлдерді сомдады. Мақсаты: Қыс мезгілінде болатын балалардың сүйікті мерекесімен таныстыру. Мерекелік көңіл күйлерін

оюту. Әр баланың мерекеге қатысуын қадағалап, мерекені балалардың естерінде қалатындай етіп өткізу, достық қарым-қатынас орнату көзделді. Балалар Жаңа жыл, қыс мезгілі туралы тақпақтарын нақышына келтіре айтып, хормен "Шырша", "Жаңа жыл" әнін орындады. Сондай-ақ Ақшақар биін билеп өте қызықты ойын түрлерін көрсетіп, өз өнерлерін паш еткен бүлдіршіндер Аяз ата дорбасынан сыйлық тәттілерін алып мерекелік жақсы көңіл күймен аяқталды.



Көңілді стартар аясында ұлттық ойындар тоғыз құмалақ, асық ату, бес тас және тас тарту түрлері бойынша ұйым мүшелерінің қатысуымен сайыс өткізілді. Белсенділікпен қатысқан әрбір оқушы мақтау қағаздарымен және сыйлықтармен марапатталды.



Мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететіндей, мамандықтар түрлеріне мүдделерін арттыру мақсатында фракция мүшелері мен мектеп бітіріп кеткен түлектердің қатысуымен «Сіз таңдаған мамандық» атты



дөңгелек үстел өтті.

Оқушыларды теріс ықпалды діни ағымдардан сақтау, дәстүрлі дінге салауатты көзқарас қалыптастыру мақсатында, аға тәлімгер мен құқық пәнінің мұғалімі Н.Сағиданованың ұйымдастыруымен 9-сынып оқушылары арасында "Қазіргі кездегі жасөспірімдердің діни көзқарастары" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Қазақстан аумағында таралған діни ағымдар және теріс ықпалдағы діни ағымдар жайлы түсінік берді. Тақырыпқа сай презентация мен Қазақстан діни басқармасы ұсынған бейнероликтер көрсетілді.



"Алғыс айту күні" – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні. Осы шараға орай ұйым белсенділері мен аға тәлімгердің ұйымдастыруымен мектеп ұжымы мен оқушыларына тәттілер таратылды. Сонымен қатар әр сынып челлендж жасап, ұстаздарына, достарына, мектеп қызметкерлеріне өз алғыстарын білдірді.



Дебат технологиясын дамыту қазіргі заман талабы. Себебі дебат ойындары баланың ой-өрісін, сөйлеу мәнеріп шыңдайды. Мектебіміздегі ұйым мүшелерінің қатысуымен



"Бүгінгі заманның құндылығы неде? атты дебат өтті. "Бүгінгі заманның құндылығы неде? атты тақырыпта өткен ойында дебат ойыны мүшелері өз ойларын ортаға салып, өз ойларын дәлелдей алды. Ойын әдеттегідей даттаушы және жақтаушы жақтар арасында Карл Поппер форматында өткізілді.

Жыл үздіктерін марапаттау аясында ұйым мүшерінің қатысуымен «Ептілер мен Мықтылар» атты интеллектуалдық жарыс өтті. Жарыс 5кезеңнен тұрды.Әр сынып белсенділікпен қатысты.

